



МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ
3. САҚТАНДЫРУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ
5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, МЕРЗІМІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ОРНЫ
6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫ
8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ, ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМДЕРІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТARTУ
10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ
11. ДАУЛАР ШЕШУ ТӘРТІБІ
12. ҚОСЫМША ШАРТТАР

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ҚР заңнамасына сәйкес және осы Ғарыш нысандарын сақтандыру ережелерінің негізінде «Евразия» СК» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша Сақтандырушы) ғарыш нысандарына меншік иесі болу және оларды пайдалану кезеңіндегі тәуекелдерді мына кезеңдерде сақтандыруға қабылдайды:

- 1.1.1. ғарыш нысандарын тексеру мен сынауды жүргізу;
 - 1.1.2. ғарыш нысандарын ғарышайлақ аумағына жеткізу;
 - 1.1.3. ғарыш нысандарын ұшуға дейінгі дайындау, тексеру мен сынауды қоса алғанда;
 - 1.1.4. ғарыш нысандарын іске қосу және орбитаға шығару, оны пайдалануға енгізу кезеңін қоса алғанда;
 - 1.1.5. ғарыш нысандарын мақсатты пайдалану;
 - 1.1.6. орбиталық ұшуды аяқтаған соң ғарыш нысандарын немесе оның элементтерін түсіру.
- 1.2. Сақтандырушы Сақтандыру шартында сақтандыру қорғанышы қай кезеңге (бірнеше кезеңге) таралатынын көрсетуге құқылы.
- 1.3. Осы Ережелерде қамтылған және сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) мәтіне енгізілмеген сақтандыру шарттары шартта олардың қолданылуы тікелей көрсетілген болса және ережелердің өзі шартпен (сақтандыру полисімен) бір құжатта немесе оның артқы жағында баяндалса немесе оған қоса берілсе, Сақтанушы (Пайда алушы) үшін міндетті болып табылады. Ережелерді Сақтанушыға тапсыру сақтандыру шартында немесе полисінде жазбамен куәландырылуы тиіс.
- 1.4. Сақтандыру шартымен осы Ережелер ережелерінен өзгеше шарттар қарастырылған болса, сақтандыру шартымен белгіленген шарттар қолданылуға жатады.

2. САҚТАНДЫРУ СУБЪЕКТІЛЕРІ

- 2.1. Сақтанушылар деп осы Ережелердің 1.1-тармағында көрсетілген кезеңдерде Сақтандырушымен ғарыш нысандарын сақтандыру шарттарын жасасқан барлық меншік нысандарындағы заңды тұлғалар танылады.
- 2.2. Сақтандырушы уәкілетті орган берген лицензия және ҚР заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асырады.
- 2.3. Шарт сақтандырылған ғарыш нысанын сақтауда заңға, өзге де құқықтық актіге немесе шартқа негізделген мүддесі бар тұлғаның (Сақтанушының, Пайда алушының) пайдасына жасалуы мүмкін.



3. САҚТАНДЫРУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Сақтандыру нысаны болып ғарыш нысанына меншік иесі болу және оны пайдалануға байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүліктік мүдделері табылады.
- 3.2. Сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны сақтандырылған ақша сомасы және сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 3.3. Сақтандыру сомасы ғарыш нысанының нақты құнына қарай айқындалады, бұл ретте сақтандыру сомасы ғарыш нысанының нақты құнынан аз болуы мүмкін. Сақтандыру сомасы іске қосу қызметтерінің құнын қамтуы мүмкін.
- 3.4. Сақтандыру шартымен айқындалған сақтандыру сомасы нақты құнынан асып кетсе, сақтандыру шарты шарт жасалған сәтте сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасы бөлігінде жарамсыз болып табылады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ

- 4.1. Сақтандыру жағдайы болып «Ерекшеліктер» бөлімінде көрсетілгендерді қоспағанда, кез келген себеп бойынша сақтандырылған ғарыш нысанының толық жойылуына, толық конструктивті жойылуына, ішінара жойылуына немесе зақымдануына әкеп соққан оқиға танылады және осы Ережелерге сәйкес Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін туындатады.
- 4.2. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес берілген шарттар бойынша сақтандыру нысанына зақым келтіруі немесе оны жоюы мүмкін төмендегі сақтандыру жағдайлары сақтандырылуы мүмкін:
- 1) өрт — арнайы бөлінген орыннан тыс кенеттен пайда болған және өздігінен одан әрі таралуы мүмкін жанудың бақылаусыз үдерісі (өрт қою нәтижесінде болған өртті қоспағанда) салдарынан ашық жалын, жоғары температура, ыстық газдар, жану өнімдерінің (түтін, кір және т.б.) әсері, сондай-ақ мүлікті құтқару және өртті сөндіру үшін қолданылған шаралар;
 - 2) жарылыс — газдың немесе будың кеңеюге ұмтылысынан туындаған, шектеулі көлемде қысқа мерзім ішінде көп мөлшердегі энергияның шапшаң бөлінуі үдерісі;
 - 3) найзағай соғу — сақтандырылған мүлік элементтері арқылы найзағай тоғы өтіп, жылулық, механикалық немесе электрлік әсер ететін немесе жарқыл пайда болуымен жоғары электрлік потенциал туындататын нөсерлі разрядтың жанама әсері болатын тікелей найзағай разрядының әсері;
 - 4) дүлей апаттар — цунами, дауыл, боран, тайфун, торнадо, циклон немесе атмосфераның табиғи үдерістерінен туындаған ауа массасының өзге де қозғалысы (тек ауа массасының жылдамдығы 20 м/с асқан жағдайда ғана), нөсер жаңбыр, бұршақ; су тасқыны, сел, жер сілкінісі, жанартау атқылауы, тасыл, тасты опырылу, қар көшкіні, жер сырғанауы, тасқынды ағын, жерасты суларымен су басу сияқты өз қарқындылығы, таралу ауқымы мен ұзақтығы жағынан сақтандырылған мүлікке зиянды әсер ету мүмкіндігі бар қауіпті табиғи құбылыстар;
 - 5) бу және/немесе сұйықтықтың әсері — гидравликалық жүйелердің (отын мен тотықтырғышты жеткізу және сақтау жүйелерінің, жылу реттеу және өмірді қамтамасыз ету жүйесінің, гидравликалық жүйелердің, су құбырының, кәріз, жылыту жүйесінің, өртке қарсы (спринклерлік) жүйе және басқа жүйелердің) кенеттен зақымдануы нәтижесінде ғарыш нысанының зақымдануы немесе жойылуы, жұмыс сұйықтығының немесе будың шығуымен бірге;



- 6) топырақтың шөгуі немесе өзге де қозғалысы;
- 7) бөгде заттардың әсері — ауа немесе ғарыш кеңістігінде ғарыштық мақсаттағы зымыранның құрамындағы зымыран-ғарыш техникасының басқа нысандарының, ұшақтардың, тікұшақтардың, ғарыш аппараттарының, аэростаттардың, дирижабльдердің және басқа ұшу аппараттарының, олардың бөліктерінің немесе олардың жүктемесінің сақтандырылған мүлікке есептелмеген әсері, метеорлық ағындар, ғарыш бөлшектері, Жердің радиациялық белдеулері, сондай-ақ сақтандырылған мүліктің бөліктері болып табылмайтын өзге де заттар мен қатты денелердің сақтандырылған мүлікке түсуі;
- 8) өртеу — отты өз бетінше пайда болуын немесе жоюды жөкқа шығаратын жағдайларда от қолданып мүлікті одан әрі пайдалануға жарамсыз күйге немесе оның тұтыну сипаттамаларын төмендетін күйге умысалмен келтіру, не сақтандырылған мүлікті абайсызда отпен жұмыс істеу арқылы жою немесе зақымдау;
- 9) үшінші тұлғалардың заңсыз іс-қимылдары — үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік немесе қылмыстық заңнамасына сәйкес құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілері бар, атап айтқанда мыналар: сақтандырылған мүлікті қасақана жою немесе зақымдау; сақтандырылған мүлікті абайсызда жою немесе зақымдау; тонау; бұзып кіру арқылы ұрлық; қарақшылық. «Үшінші тұлғалардың заңсыз іс-қимылдары» терминіне кіретін заңсыз іс-қимылдардың нақты нысандарының тізбесі Сақтандыру шартымен өзгертілуі мүмкін. Бұл жағдайда заңсыз іс-қимылдардың нақты нысандары Сақтандыру шартында көрсетіледі;
- 10) өртті сөндіру шараларын қолдану — сақтандырылған ғарыш нысанына өрт сөндіретін заттардың әсері, өрттің таралуын сөндіру және/немесе болдырмау мақсатында сақтандырылған нысан конструкцияларын бөлшектеу немесе бұзу және басқа да іс-шаралар. Бұл ретте, егер бұл сақтандырылған нысанға қатысты өртті сөндіру шараларын қолдану қажеттігімен туындамаса, іргелес үй-жайлардан су басу нәтижесінде нысанның жойылуынан немесе зақымдануынан болған залалдар өтелуге жатпайды;
- 11) жобалау, дайындау, монтаж қателері: сақтандыру жоба немесе конструкторлық ұйымдардың сақтандырылған нысанды жобалау немесе конструкциялауға белгіленген ережелер мен/немесе нормаларды бұзуы, дайындаушы немесе монтаждаушы ұйымдардың байқаусыз жіберген қателері нәтижесінде ғарыш нысаны құрамдас бөліктерінің жойылуына, зақымдануына немесе сынуына қолданылады, атап айтқанда:
- 12) тиісті ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізу тәртібі мен шарттарын айқындайтын лауазымдық нұсқаулықтар, техникалық регламенттер, стандарттар, ережелер және басқа да міндетті нормативтік актілер талаптарын байқаусызда сақтамауы (бұзуы);
- 13) тиісті ұйымдардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ғарыш нысанын жобалау (немесе конструкциялау), дайындау, монтаждау немесе қабылдап-тапсыру сынақтары бойынша белгілі бір жұмыс түрлерін орындау ережелерін байқаусызда сақтамауы (бұзуы);
- 14) дайындау, монтаждау немесе қабылдап-тапсыру сынақтары барысында объективті бақылаудың қолданыстағы әдістерімен анықталуы мүмкін болмаған немесе техникалық регламенттер, ережелер және басқа да міндетті нормативтік актілермен, сондай-ақ белгіленген стандарттармен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды, бөлшектерді, конструкцияларды, аспаптар мен техниканы, сондай-ақ ішкі жасырын ақаулары бар тораптарды пайдаланумен байланысты болжанбаған қателер (қалып кетулер);
- 15) ғарыш нысанын дайындау, монтаждау немесе қабылдап-тапсыру сынақтары барысында кездейсоқ факторлардың ықпалынан туындаған, қызметкерлердің уақытылы, дәл және сенімді іс-қимыл жасай алмауына алып келген, умыслды қоспағанда, Сақтанушының (Пайда алушының) қызметкерлерінің байқаусыз жіберген қателері (қалып кетулер);



16) пайдалану қателері — ғарыштық аппарат және/немесе транспондердің ұмысды қоспағанда кездейсоқ сыртқы факторлардың ықпалынан туындаған, персоналдың уақытылы, дәл және сенімді іс-қимыл жасай алмауына алып келген Сақтанушының (Пайда алушының) жедел-пайдалану немесе өндірістік персоналының байқаусыз және кездейсоқ қателерінен туындаған кенеттен зақымдануы (сынуы) немесе жойылуы;

17) есептелмеген жұмыс режимдері — берілген сақтандырылған мүлік түрі үшін есептік диапазоннан тыс параметрлері бар режимдердің кенеттен әсері, оның элементтерінде рұқсат етілмейтін қызып кетулерді, діріл тербелістерді, динамикалық соқтығысуларды, механикалық кернеулерді, электрлік тесіп өтулерді мен шамадан асу жүктемелерді, гидравликалық соқтығысуларды, феррорезонанстық артық кернеулерді, белгіленген нәтижеге жетпей материалдарды, заттарды, жинақтаушы элементтерді тікелей мақсатына сай пайдаланбай ішінара немесе толық жұмсауды туындататын, немесе ғарыш аппаратының және/немесе онда орнатылған мақсатты міндетті орындау үшін қажетті жабдықтың бас тартуы нормасыз жұмысын туындатады. Бұл тәуекел бойынша сұйық реактивті қозғалтқыштар мен олардың агрегаттарының, отын бақының, жарылыспен және жарылыссыз тотықтырғыш бактың апаттық жойылуынан болған залалдар да сақтандырылуы мүмкін;

18) пайдалы жүктеменің немесе ғарыш аппаратының бас тартуы — Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған болжанбаған оқиға (апат) нәтижесінде пайдалы жүктеменің жұмыс істеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтін немесе ғарыш аппаратының немесе оның жүйешелерінің бас тартуы немесе зақымдалуы, не ғарыш аппаратының немесе оның жүйешелерінің кенеттен шапшаң деградациясы орын алып, Сақтанушының (Пайда алушының) барлық қолданылған шараларына қарамастан, пайдалы жүктемені ғарыш аппаратының мақсатты міндетін орындау үшін пайдалану мүмкін болмайтын жағдай;

19) жер инфрақұрылымының конструктивтік ақаулары — табиғи тозумен байланысты емес жер нысандарының конструктивтік элементтерінің (сақтандырылған мүліктің іргетасы, бағаналары, қаптамалары, балкалары, жүк көтеруші қабырғалары және т.б.) немесе сақтандырылған ғарыш нысаны орналасқан ғимарат, имарат, құрылыстың болжанбаған жойылуы немесе физикалық зақымдануы, сақтандырылған мүліктің (ғимараттың, үй-жайдың, имараттың, құрылыстың) тұрақтылығы үшін маңызды ішкі және сыртқы жүк көтеруші конструкциялардың ақаулары нәтижесінде және осыған байланысты сақтандырылған мүлікті (ғимаратты, тұрғын үй-жайды, имаратты, құрылысты) санитарлық-эпидемиологиялық және тұрғын және өзге де үй-жайларға (ғимараттарға, имараттарға, құрылыстарға) талаптарды белгілейтін өзге де нормаларға сәйкес мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігінің болмауы;

20) электр желілері параметрлерінің нормативтен тыс ауытқуы — электр энергиясын беру мен бөлуге арналған желілердегі немесе кез келген түрдегі сигналдарды беру үшін электр энергиясы пайдаланылатын желілердегі электр тогының жиілігінің, күшінің және кернеуінің нормативтен тыс өзгеруі (осы себептен желілер жұмысының тоқтауы жағдайларын қоса);

21) газ, кәріз, жылу, су құбыры желілері параметрлерінің нормативтен тыс ауытқуы немесе өзгеруі, олардың жұмысының тоқтауы жағдайларын қоса: жылыту, электр-, газ- және сумен жабдықтау, кәріз, өрт сигнализациясының жабдығы, өртті сөндіру, санитарлық-техникалық жабдық, желдету жүйелері, ауаны кондициялау, қоқыс жою жүйелері, шаң тазалау, телефон, радиофикация жүйелері жабдығын, сондай-ақ осындай желілерге қосылған жабдықты (көтергіш жабдық, лифтілер, жылжымалы тротуарлар, эскалаторлар) қамтитын жердегі инженерлік-коммуникациялық нысандар элементтері.

4.2. Сақтандыру шартында Сақтандырушы жауапкершілік тасымалдаушының көрсетілуі мүмкін:

4.2.1. «Толық жойылу үшін жауапкершілікпен».

4.2.2. «Ішінара жойылу үшін жауапкершілікпен (яғни тек зақымдану, толық жойылуды қоспағанда)».

4.2.3. «Толық жойылу және ішінара жойылу (зақымдану) үшін жауапкершілікпен».

4.3. Сақтандырушы осы Ережелердің «Ерекшеліктер» бөлімінде көрсетілгендерді қоспағанда, осы Ережелердің 1.1-тармағына сәйкес кезеңдерде кез келген себептер бойынша болған осы Ережелердің 4.2.1., 4.2.2., 4.2.3.-тармақтарымен қарастырылған сақтандыру жағдайлары туындаған кезде Сақтанушыға залалды өтейді.

4.4. Сақтандырушы төмендегі жағдайлардан болған залалдар туындаған кезде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

4.4.1. соғыс жарияланған-жарияланбағанына қарамастан, кез келген жауынгерлік іс-қимылдар немесе соғыс іс-шаралары мен олардың салдарлары, миналардың, бомбалардың және басқа соғыс қаруының жарылысы;

4.4.2. азамат соғысы, халық толқулары, соғыс жағдайы, билікті заңсыз басып алған немесе заңсыз басып алуға әрекет жасаған тұлғалардың іс-қимылдары, жұмылдыру; мемлекеттік биліктің немесе жергілікті биліктің бұйрығымен сақтандырылған мүлікті тәркілеу, реквизициялау, ұлттандыру, тұтқындау, жою немесе зақымдау;

4.4.3. ереуілдер, тәртіп бұзушылықтар, халық толқулары немесе еңбек жанжалдары, немесе басқа да кез келген зиян келтіруші іс-қимылдар немесе диверсия (диверсия) актілері;

4.4.4. атом энергиясын кез келген қолданумен, бөліп алынатын материалдарды пайдаланумен, тасымалдаумен және сақтаумен байланысты радиацияның немесе радиоактивтік ластанудың тікелей немесе жанама әсері;

4.4.5. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының немесе оларға сақтандырылған ғарыш нысанына иелік ету, пайдалану және/немесе оған билік ету өкілеттігі берілген тұлғалардың умыссыз. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының умыссыз деп Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының немесе оларға ғарыш техникасына иелік ету, пайдалану және/немесе оған билік ету өкілеттігі берілген тұлғалардың жүргізілетін жұмыстарға арналған белгіленген ережелер мен нормативтік құжаттарды қасақана бұзуы ұғынылады;

4.4.6. лазерлер мен кез келген басқа бағытталған энергия көздерін қоса алғанда, спутникке қарсы қарудың кез келген түрінің әсері;

4.4.7. сақтандырылған ғарыш нысанын ғарышайлаққа жеткізу барысында электронды схемалардың жұмысындағы бұзылулар, көрінетін зақымдансыз механикалық ақаулар;

4.4.8. табиғи құбылыстардың салдары болмаса және сақтандырылған ғарыш нысанының физикалық жойылуына алып келмесе, сыртқы электромагниттік немесе радиожилікті көздің әсері;

4.4.9. стандартқа сәйкес емес немесе жетілдірілмеген бұйымдарды, аспаптарды, агрегаттарды, нысандарды пайдалану;

4.4.10. кепілдік мерзімі өткен аспаптар мен агрегаттарды пайдалану;

4.4.11. біліктілігі жеткіліксіз персоналдың іс-қимылдарынан болған залалдар;

4.4.12. жанама сипаттағы залалдар, пайда жоғалту және барлық қаржылық тәуекел түрлері;

4.4.13. сыртқы электромагниттік немесе радиожилікті кедергілердің әсері;

4.4.14. Ғарыш нысанын зақымдау немесе оны іс-қимылдан шығару мақсатымен Сақтанушының директорлары мен уәкілетті өкілдерінің қасақана немесе умыссыз іс-қимылдары;

4.4.15. мемлекеттің агенттері болып табылатын немесе болып табылмайтын бір немесе бірнеше тұлғаның, кездейсоқ немесе умыссыз болса да, Ғарыш нысанының жоғалуы немесе

зақымдалуы осындай актінің нәтижесінде болғанына қарамастан, саяси немесе террористік мақсатта жасалған іс-қимылдары;

4.4.16. Сақтанушының келісімінсіз іс-қимыл жасайтын адам немесе адамдармен Ғарыш нысанын кез келген басып алу немесе дұрыс басқармау, мұндай басып алу немесе басқаруға кез келген әрекетті қоса алғанда.

4.5. Сақтандыру шектеулері:

4.5.1. сақтандыру сәтінде ғарыш қызметі кезінде нысанның зақымдануына немесе жойылуына алып келуі мүмкін ақаулары бар нысандар сақтандыруға қабылданбайды, осындай шарттар жасалған жағдайда олар тараптармен жасалмаған болып есептеледі.

4.5.2. санкция астындағы, жоғалған (ұрланған/жойылған) немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерімен және ҚР заңнамасымен сақтандыруға тыйым салынған ғарыш нысандары сақтандыруға қабылданбайды.

5. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, МЕРЗІМІ МЕН ҚОЛДАНЫЛУ ОРНЫ

5.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтінімі негізінде жасалады, онда Сақтанушы Сақтандырушының сұраған ақпаратын береді.

Сақтандыруға өтінім сақтандыру шартының қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылады.

5.2. Осы Ережелермен қарастырылған сақтандыру полисі мен сақтандыруға өтінімнің нысандары үлгілік болып табылады, ал Сақтандырушы оларға нақты сақтандыру шарты шарттарына және ҚР заңнамасына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

5.3. Сақтандыру шарты тараптар оған қол қойған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

5.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру тәуекеліне, сақтандыру нысанына қатысты, сақтандыру жағдайы туындауының ықтималдылығы мен оның туындауынан болуы мүмкін залалдар мөлшерін айқындау үшін мәні бар ақпарат берді деп тануды дәлелдеу мүмкін болса, яғни бұл жағдаяттар сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болуы тиіс болмаса, заведомо жалған ақпарат хабарлаған, оған белгілі мәліметтерді жасырған немесе бұрмалаған жағдайда шарт оны жасасқан сәттен бастап жарамсыз деп танылады.

5.5. Сақтанушы бұл оған мәлім болғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде сақтандыру тәуекеліндегі барлық өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

5.6. Сақтандыру шартында келісілген ғарыш қызметінің әр кезеңі аяқталған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде Сақтанушы тиісті жазбаша хабарламаларды, тиісті кезеңнің қорытындылары мен аяқталу күнін қамтитын хабарламаларды дереу Сақтандырушыға жіберуге міндетті.

5.7. Сақтандырушы құқылы:

5.7.1. Сақтанушының сақтандырылған ғарыш нысанына (сақтандыру шартында көрсетілген ғарыш қызметіне) қатысты құжаттармен танысуға;

5.7.2. өз қалауы бойынша таңдалған және сақтандырылған ғарыш нысанына (сақтандыру шартында көрсетілген) қатысты нысандарға өкілдерін жіберуге.

5.8. Сақтанушы бұл оған мәлім болғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде болған, тіпті мұндай сақтандыру тәуекелінің өзгеруі Сақтанушының еркіне байланысты болмаса да, қабылданған сақтандыру тәуекеліндегі кез келген өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

5.9. Сақтандыру шарты бойынша жіберілетін хабарламалар мен хабарлар жазбаша нысанда орындалуы және пошталық, телеграфтық, телетайптық, телефондық, электрондық немесе тараптармен келісілген өзге байланыс арқылы жіберілуі тиіс.

5.10. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңі (Сақтандырушының жауапкершілік кезеңі) Сақтандыру шартында айқындалады.

5.11. Сақтандырушының жауапкершілігі шартта көрсетілген күндердің 00:00-де (шарт жасалған жер бойынша уақыт) басталады және 24:00-де аяқталады.

5.12. Сақтандыру шартының қолданылу орны тиісті Сақтандыру шартында көрсетіледі.

5.13. Сақтандыру шарты мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және тұратын жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатта көрсетілген болса), байланысу телефон нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе сақтандыру агентінің атауы, орналасқан жері, байланысу телефон нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру нысанын көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлері, оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы көрсетілім;
- 7) Сақтандыру полисін жасасқан күн, оның қолданылу мерзімі мен сақтандыру қорғанышы;
- 8) олар сақтандыру қатынасының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға мен пайда алушы туралы нұсқаулар;
- 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) Сақтандыру полисі шарттарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; сақтандырушыға шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы сақтанушының дереу мәлімдеу міндеттілігі, егер бұл өзгерістер мүлдіктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің артуына елеулі ықпал ете алса (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
- 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемі мен сақтандыру сыйлықақысының валюта түрі;
- 12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтанушы болып табылмаған жағдайда, сақтандыру шартында сақтандырылған тұлға (пайда алушы) көрсетілген жағдайда, оның сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтанушы міндетті

6.1.1. Сақтандырушының тәуекелдерді, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдылығын және мүмкін болатын залалдар мөлшерін бағалауға ықпал ете алатын барлық елеулі мән-жайларға қатысты сұрақтарына жазбаша жауап беруге;

6.1.2. сақтандырушыға сақтандыру тәуекелдерін бағалау үшін елеулі маңызға ие бола алатын оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға.

6.1.3. сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде тәуекелді ұлғайтуы немесе жаңа тәуекелдер туындататын кез келген жаңа мән-жай туралы Сақтандырушыға мәлімдеп



отыруға, сондай-ақ осылайша Сақтандырушыға тәуекелді бағалау үшін бұрын берілген мәліметтердің дәл еместігіне немесе ескіргеніне алып келе алатын болса.

Тәуекелді ұлғайтатын елеулі мән-жайларға, атап айтқанда, мыналар жатады:

— ғарыш нысанына арналған кез келген шарт талаптарынан ауытқу, кез келген шарт талаптарын өзгерту, қайта қарау және/немесе пысықтау;

— ғарыш нысанына қатысты және тәуекелді бағалауға ықпал ететін немесе Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру мүддесін өзгертетін елеулі фактілердегі немесе мән-жайлардағы өзгерістер;

— Ғарыш нысаны жүйесінің, агрегатының, торабының немесе бөлшегінің сипаттамаларының қайтымсыз нашарлауы, аномалды деградациясы немесе бас тартуы, не резервтік жүйеге ауысу;

— резервтік жүйені жоғалту және/немесе ғарыш нысанының отын немесе электр энергиясы қорының кез келген елеулі жоғалуы немесе елеулі азаюы;

— белгіленген орбиталық позициядан басқа орбиталық позицияға ауысу;

— сақтандыру кезеңі басталғаннан кейін ғарыш нысаны жүйесі жағдайының елеулі нашарлауы.

Сақтанушы Сақтандырушыға жоғарыда аталған мән-жайлар туралы олардың бар екендігі оған мәлім болған сәттен бастап он күн ішінде хабарлауы тиіс.

Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушымен Сақтандыру шартының шарттарын қайта қарауға құқылы болады және Сақтандырушы тәуекел дәрежесінде елеулі өзгеріс болды деп немесе сақтандыру мүддесі өзгерді деп тапса, Сақтандырушы тиісті Сақтандыру шарты шарттарын қайта қарай алады және Сақтанушыдан осындай ақпаратты алғаннан кейін отыз күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын арттыруды талап ете алады. Егер Сақтанушы Сақтандырушының осындай талабын алған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын арттырумен келіспесе, Сақтандыру шарты Сақтанушының жауабын алған күннен бастап дереу тоқтатылады, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының пайдаланылмаған бөлігі Сақтандыру шартының тоқтатылған күнінен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде Сақтанушыға қайтарылуға жатады.

Сақтанушының Сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауын елеулі өзгертетін мән-жайларды жіберіп алуы немесе дәл хабарламауы жағдайында, осындай жіберіп алу немесе дәл хабарламаудың нысанасы болған залалдар Сақтандыру шарты мен осы ережелер бойынша өтелмейді.

Сақтанушының кез келген қасақана ақпаратты жасыруы немесе умысly жалған хабарлауы Сақтандыру шартын жарамсыз етеді.

6.1.4. Сақтандыру кезеңі бойы Ғарыш нысанын тиісті пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық орынды шараларды қолдануға және Сақтандыру шарты бойынша кез келген залалдан аулақ болу немесе оны азайту үшін тиісті ынтамен іс-қимыл жасауға, сондай-ақ сақтандырылмаған болса сияқты кез келген жағдайда іс-қимыл жасауға;

6.1.5. Іске қосу алдында Ғарыш нысанының барлық жерүсті сынақтарынан сәтті өткені туралы өндірушіден сертификат беруге;

6.1.6. Ғарыш нысанының «Жай-күй туралы есептерінің» көшірмелерін олар келіп түскен сайын, түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға беруге;

6.1.7. Ғарыш нысанында байқалған ақаулар немесе бас тартулар туралы мәліметтер алған жағдайда, ғарыш нысаны өндірушісімен бірлесіп залал туындауын болдырмау үшін қажетті қадамдар жасауға және осындай мәліметтер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

6.1.8. Сақтандыру төлемін талап ету туындауына алып келуі мүмкін оқиғаға қатысты кез келген мәселелерді талқылау үшін Сақтандырушымен кеңестер өткізуге;

- 6.1.9. Сақтандырушының залал немесе бас тарту себептері немесе салдарларын тергеп-тексеру немесе талдау нәтижесінде пайдаланылған немесе алынған барлық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін барлық орынды күш-жігерді жұмсауға;
- 6.1.10. Залал мөлшерін анықтауға және суброгация/регресспен байланысты кез келген төлемдерді есептеу кезінде пайдаланылатын әдістерді тексеруге қажетті барлық ақпаратты тексеру мен көшіруге қолжетімді ету. Егер Сақтандырушы осы ережелерге сәйкес сұратқан ақпарат құпия/зияткерлік және өзге меншік болып табылса немесе оның таратылуы жасырын ұстау жөніндегі шартпен немесе үкімет шектеулерімен реттелсе, Сақтанушы тиісті тарапқа қажет болған жағдайда Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындау үшін осындай ақпаратты ашуға рұқсат беруін сұрауы тиіс;
- 6.1.11. Залал туындаған жағдайда Сақтандырушы оның уәкілетті өкілі арқылы Сақтанушы залал бойынша берген деректерді тексеруді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету тиіс;
- 6.1.12. Ғарыш нысанын тек оның мақсатына сәйкес және Өтінімде көрсетілген мақсаттар үшін пайдалануға, сондай-ақ оның сақталуы үшін барлық шаралар қолдануға;
- 6.1.13. Ғарыш нысанын пайдалану кезінде заңнамамен рұқсат берілген жабдықтар, материалдар, қосалқы бөлшектер және т.б. ғана пайдалануға;
- 6.1.14. Ғарыш нысанын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптары мен зауыт-өндірушінің ұсынымдарын сақтауға;
- 6.1.15. тек зауыт-өндірушімен арнайы келісілген және ұсынылған жинақтаушы бөлшектер мен шығынды материалдарды ғана пайдалануға;
- 6.1.16. Ғарыш нысанын пайдалануға тек арнайы оқытылған, арнайы рұқсаты бар мамандарды ғана тартуға;
- 6.1.17. өртке қарсы қауіпсіздіктің барлық талаптарын сақтауға, соның ішінде өртке қарсы қызметтердің нұсқамасы бойынша өртке қарсы режимдегі жіберілген бұзушылықтарды жоюға;
- 6.1.18. сақтандыру жағдайы туындаған кезде, тиісті органдарға дереу хабарлауға және Ғарыш нысанын құтқарып қалу мен залал мөлшерін азайту үшін бар мүмкін шаралар қолдануға;
- 6.1.19. сақтандыру жағдайы туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыны осы туралы кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар етуге. Ауызша хабарлау кез келген жағдайда кейіннен жазбаша нысанда расталуы тиіс. Сондай-ақ оқиғаның себептері, барысы мен салдарлары туралы, Сақтанушының залалды өтеу міндеттемесін туындататын оқиғаның туындауымен, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерімен байланысты барлық қолжетімді ақпаратты және құжаттаманы беруге;
- 6.1.20. сақтандыру жағдайы туындаған кезде, Сақтандырушы өкілінің осы жағдайдан кейінгі күйіндегі қарауы үшін сақтандырылған Ғарыш нысанын сақтауға шаралар қолдануға;
- 6.1.21. сақтандыру төлемін алған кезде, Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған кері талап ету (суброгация) құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға;
- 6.1.22. Сақтандырушы өкілін зардап шеккен сақтандырылған Ғарыш нысанын қарауға кедергісіз жіберуге, сондай-ақ мұндай қараудың мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- 6.1.23. Сақтандырушының жазбаша хабарламасы сәтінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, егер ҚР заңнамасымен белгіленген талап қою мерзімдері ішінде заң бойынша немесе Шарт бойынша сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз болатын мән-жай анықталса, Сақтандырушыға сақтандыру төлемінің бүкіл сомасын қайтаруға;



- 6.1.24. Сақтанушы Шартпен және ҚР-ның қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да міндеттемелерге ие;
- 6.1.25. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жеке деректерін жинауға және өңдеуге, трансшекаралық жеке деректерді беруді қоса алғанда, келісімін растайды. Жеке деректерді сақтаудың мерзімі жеке деректерді одан әрі сақтаудың қажеттілігі болмаған сәтке дейін Сақтандырушы тарапынан айқындалады және 10 жылды құрайды. Жеке деректерді пайдалану Қоғам немесе үшінші тұлға тарапынан Шарт шарттарын және/немесе ҚР заңнамасын орындау мақсатында, сондай-ақ Қоғамның жалпы қызметін іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
- 6.1.26. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жеке деректерін жеке деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
- 6.1.27. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жеке деректерін өңдеуге, трансшекаралық жеке деректерді беруге, сондай-ақ жеке деректерді жеке деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімін алуға міндетті.
- 6.1.28. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жеке деректерін өңдеуге келісімінің болмауы үшін, трансшекаралық жеке деректерді беруге келісімнің болмауы және жеке деректерді жеке деректердің жалпыға қолжетімді көздерінде таратуға, оның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайларын қоса алғанда, жауапкершілік тасымалдайды.
- 6.1.29. Деректерді жинауға және өңдеуге берілген келісім мыналарды қамтиды:
- 6.1.30. атауы (тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатта көрсетілген болса), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);
- 6.1.31. субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік құжатта көрсетілген болса);
- 6.1.32. жеке деректерді жинауға, өңдеуге берілген келісімнің қолданылу мерзімі немесе кезеңі; операторда жеке деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер; оларды өңдеу барысында жеке деректерді трансшекаралық берудің бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер; жеке деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуы туралы мәліметтер; жеке деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректер тізбесі.
- 6.1.33. Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) жеке деректерін жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базалары мен картотекаларда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының, сондай-ақ олардың серіктестерінің мобильдік қосымшаларындағы Интернет-ресурстарда, мобильдік қосымшаларда, әлеуметтік желілерде сақталатын жеке деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан жинауға және өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге келісімін растайды.

6.2. Сақтанушының құқықтары

- 6.2.1. болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда, осы ережелерде белгіленген тәртіп пен мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 6.2.2. Шарт жоғалған жағдайда – оның көшірмесін алуға;

- 6.2.3. Сақтандырушының келісімімен Шарт шарттарын өзгертуге;
- 6.2.4. Шартты осы ережелерде белгіленген тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6.2.5. Сақтанушы ҚР-ның қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарға ие.

6.3. Сақтандырушының міндеттері

- 6.3.1. сақтандыру жағдайы туралы хабарланған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, Сақтанушының немесе оның өкілінің қатысуымен және Сақтанушының сақтандыру нысанын ұсыну шарты орындалған жағдайда, зардап шеккен ғарыш нысанын қарауды жүзеге асыруға;
